

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## даму психологиясы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
22.11.2022СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/126756/

нақты объектілерді басқару;

экранда көрініс тапқан түрлі объектілердің, құбылыстар. дың, процестердің үлгілерін басқару;

оқу процесінің нәтижелеріне автоматтық бақылау (өзіндік бақылау) жасау және бақылаудың нәтижелері бойынша тестілеу, түзетулер енгізу.

Жоғарыда атап өтілген білім беру қызметінің түрлері, біріншіден, оқушылардың ой өрісін кеңейтуге бағытталған әдістемелерді жасауға мүмкіндік береді; екіншіден, оқушыларға эстетикалық тәрбие беруді жоғары дәрежеге көтеруге; үшіншіден, қазіргі адамдар үшін өте қажетті тиімді шешімдер қабылдай білу немесе қиын жағдайлардан шығудың жолдарын таба білу сияқты коммуникативтік қабілеттерді қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда сипатталған информациялық және коммуникациялық технологиялардың негізінде қалыптасқан білім беру құралдарының жаңа түрлерінің мүмкіншіліктері және олардың бүгінгі таңдағы педагогика ғылымы саласында жүзеге асырылуының түрлі жолдары бар. Атап айтқанда:

білім беретін бағдарламалық құралдар, ал олардың әдістемелік қызметі төмендегідей болып келеді: игерілген білім мөлшерінен хабардар ету, оқушылардың білім алу немесе тәжірибелік қызмет тәжірибелері мен өзіндік қабілеттерін қалыптастыру және кері байланыстар арқылы айқындалған оқу материалдарын игерудің қажетті дәрежесін қамтамасыз ете білу;

оқу материалдарын игерудің дәрежесін бақылауға (өзін-өзі бақылауға) арналған бағдарламалар;

оқушылардың хабарларды белгілі бір жүйеге келтіру қабілеті мен тәжірибесін қалыптастыруға арналған информациялық-ізденістік бағдарламалар жүйесі мен информациялық-анықта-малық бағдарламалық құралдар;

оның басты құрылымдық және функциональдық сипаттамаларын оқып-білу нақтылығының белгілі бір аспектісін қамтитын имитациялық бағдарламалық құралдар (жүйелер);

объектінің, құбылыстардың, процестің немесе белгілі бір жағдайдың (нақты және

“виртуальды”) үлгілерін жасауға арналған моделдік бағдарламалық құралдар;  
оқу материалдарын көрнекілік жағынан беруді қамтамасыз ететін көрсетілетін (демонстрациялық) оқу құралдары;  
түрлі оқу жағдайларына (мысалы, оқушылардың дұрыс шешім қабылдай білу немесе іс-әрекеттің тиімді стратегиясын таңдай білу қабілеттерін қалыптастыру мақсатында) арналған ойын түріндегі бағдарламалық құралдар;  
демалыс кезінде қолданыс табатын бағдарламалық құралдар.  
Бағдарламалық құралдардың білім берудегі дидактикалық мүмкіндіктерінің өсуі:  
Бағдарламалық құралдар мазмұнының ғылымилығы — сол бағдарлама құралдарының тікелей көмегі арқылы нақты ғылыми мәліметтер алуды көздейтіндігімен сипатталды. Мұндай жағдайда үлгілер жасау мүмкіндігі, зерттелетін объектілерді, құбылыстарды, процестерді (нақтыларымен бірге “виртуальдылықтарды” да) имитациялау — зерттелетін процестердің заңдылықтарын өз беттерімен аша білуді көрсететін ғылыми жұмыстардың өтуін қамтамасыз етуге дәнекер бола алады.

Түсініктілік жағдайында берілген бағдарламалық оқу материалдары, оқу процесін ұйымдастырудың формалары мен әдістері оқушылардың дайындық дәрежесіне де, одан қалды жас ерекшеліктеріне де сәйкес келуі қажет.

Бейімделушілік болса мүмкіндігінше оқушылардың өрқайсысымен жеке жұмыс істей білуді, ұсынылған оқу материалын қабылдаудағы оқушылардың өзіндік қабілеттерін үнемі ескеріп отыруды қажет етеді.

Оқудың жүйелілігі мен реттілігі бағдарламалық құралдарды қолдана отырып, ойдағыдай білім алу мен белгілі бір тәжірибеге ие болу барысында реттілік пен сабақтастық алгоритмін игеру мақсатында оқушылардың ұғымдар, фактілер жүйесі мен білім алу тәсілдерін логикалық байланыста игере білуді көздейді.

Оқудың зерделілігі және оқушы қызметінің белсенділігі мен өзіндік сипаты білім берудің нақты мақсаттары мен міндеттерін дұрыс түсіне білу жағдайына сәйкес келетін білім алуға байланысты хабарлар алуды өзіндік әрекеттер бағдарламалары құралдарымен қамтамасыз етуді көздейді. Оқушы қызметінің жандануы бұл арада экранда көрініс тапқан жағдайды өз бетімен басқара білуімен тығыз байланысты болып келеді: оқу қызметінің режимін таңдау; өзіндік шешім қабылдау керек болған жағдайдағы іс-әрекеттердің варианттылығы.

Оқу нәтижелерін игерудің нақтылығы бағдарламалық құралдардың көмегіне сүйене отырып, оқушылардың оқу материалының мазмұнын, ішкі логикасы мен құрылымын саналы түрде игеруді мақсат етеді. Ал бұл мақсат өзін-өзі бақылау, өзін-өзі түзету және бақылауды кері байланыстар негізінде қамтамасыз ету арқылы жүзеге асады.

Оқушының интеллектуальдық потенциалын дамыту оның ой-санасының дамуын жан-жақты қамтамасыз етуді көздейді: күрделі жағдайлар туындаған кездерде тиімді дұрыс

шешімдер немесе нарианттық шешімдер кабылдай білу қабілетін қалыптастыру;  
°Қушының хабарларды өңдей білу қабілетін қалыптастыру.

Бағдарламалық құралдармен жұмыс істеуде суггестивтік №ылшынның зиффезі деген сөзінен алынған, ұсыныс жасау, КеҢес беру деген мағынаны береді) кері байланыспен қамтама- сыз ету мүмкіндігі — бағдарламаның оқушының әрекетіне беретін ^ауабын қамтамасыз етуді көздейді. Атап айтқанда: бағдарла- ма бойынша жасалынатын жұмыстың логикалық жағынан аяқта- лған әрбір кезеңіндегі оқу процесінің нәтижелері бойынша белгілі болған қателіктерді болжауды бақылау кезіндегі байланыстар- ды жүзеге асырады және ұсынылған гипотеза мен жорамалды құптауға немесе оны жоққа шығаруға байланысты бұдан өрі не өрекет жасауға болатындығы жайында бағдарламалық кеңес алуға мүмкіншілік туады.

Бағдарламалық құралдардың мазмұны мен оны дайын- дауға деген эргономикалық талаптар одан әрі күшейе түседі. Мұндай кезде төмендегі жағдайлар басты назарда болуы шарт:

оқушылардың жас мөлшерлерімен қатар олардың өзіндік ерекшеліктерін, жүйкелер қызметін ұйымдастырудың әр түрлерін, ойлаудың өр түрлерін, интеллектуалдық және эмоционалдық (сезімдік) қабілетті қалыптастырудың заңдылықтарын үнемі ескеріп отыру;

оқушылардың бағдарламалық құралдармен жұмыс істеу кездерінде жағымды стимулдің, оқудың мотивизациялық дәрежесінің артуын қадағалап отыру;  
хабарларды және т.б. бейнелеуге талаптар қоя білу.

Білім беру саласында жаңа информациялық технология- лардың құралдарын пайдаланудың тиімді бағыттарын ескеру.

Бүгінгі таңда эксперттік оқу жүйелерін (ЭОЖ) кеңінен қолданыла бастауына байланысты өдіскерлердің (методистердің) алдында зор мүмкіндіктер туындауда. Эксперттік жүйелерді шартты түрде екі топқа бөледі: бірінші тобында ықтимал пай- ымдауларға негізделген пікірлер қолданыс табады; ал екіншісінде — логикалық пайымдауларға негізделген пікірлер басты назар- да болады. Біздің ойымызша, эксперттік оқу жүйелерін жүзеге асыруға себепкер болатын эксперттік жүйенің екінші тобынын мүкіншіліктерін дер кезінде пайдалана білген дұрыс болады, өйткені мұндағы пайымдаулардың барлығы да қатаң логикаға негізделген. Білім алудың басты құралдарының бірі ретінде танылған эксперттік оқу жүйелері қойылған талапқа сай белгілі бір оқу мақсаттарын шешу барысында айтылған пікірлерден хабардар етіп отырады, яғни жүйені пайдаланушы мен жүйенің арасындағы диалогты қалыптастырады. Эксперттік оқу жүйелері үш шағын жүйелердің (подсистема) жиынтығы ретінде көрініс табады: қатынастардың шағын жүйесі (енгізу машинасы + білім алу үлгісі); түсініктемелердің шағын жүйесі (интерфейс); түрлі білім салаларын (білімдер базасы) игерудің шағын жүйесі. Эксперттік оқу жүйелері, біріншіден, оқылатын пәннің мақсат- тарын жүзеге асырудың стратегиясы мен тактикасын сұхбат- тық жағдай шеңберінде шешуді қамтамасыз етсе, екіншіден

оқушылардың білім дәрежесін, тәжірибесін және қабілеттерін оқу мен бақылаудың дұрыстығын бағалау нәтижелері арқылы. ал үшіншіден басқару жүйесін автоматтандыруды тұтастай соЛ жүйенің тікелей көмегі арқасында қамтамсыз ете алады. Оқушы- ны өз бетімен жұмыс істей білуге баули отырып, эксперттің оқу жүйелері танымдық қызмет процестерінің дамуына қолай- лы жағдайлар туғызады, оқудың мотивациясын өзіндік қызметтің варианттылығы есебінен одан өрі күшейтеді және өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі түзетудің мүмкіншіліктерін арт- тырады.

Білімділікті танытудың тиімді өдістерінің қатарына белгілі бір пәннің мазмұнына бағыт- бағдар алған мөліметтердің оқу базасын (МОБ) жатқызуға болады. Мөліметтердің оқу базасы мөліметтер легінің қалыптасуын (белгілі бір белгілері бойын- іна) қамтамасыз ете алады, яғни фактографиялықпен қоса түрлі хабарлар мөліметтерін жинау, сақтау және пайдалану мүмкін- шіліктерін дер кезінде тудырып отырады. Атап айтқанда: қол- да бар мөліметтерді өңдеу, оларды іздестіру (таңдау, бір жүйеге келтіру), хабарларды өздерінің белгілері бойынша талдау және модификациялау; редактордың мәтінді, шешімдерді бақылау нәтижелерін, жұмыс регламентін пайдалана білуі. Мөліметтердің оқу базасын хабарларды өңдеуге байланысты өзіндік жұмыс барысында қолдануға болады (мысалы, қажетті хабарларды белгілі бір белгілері бойынша іздестіру процесі кезінде және мөліметтердің оқу базасын жаңа мазмұнмен толықтыру кезінде оларды тал- дап, модификациялау барысында).

Белгілі бір пән аймағына бағытталған білімдердің оқу базасы (БОБ) оқушының өзіне тиімді оқу режимін таңдап алуы негізінде өз бетімен білім алуын жүзеге асыра білуін мақсат етеді. Білімдердің оқу базасы (БОБ): белгілі бір пәннің басты ұғымдарының сипаттамасы мен анықтамаларын қамтитын сол пән мөліметтерінің оқу базасының болуын; есептерді шешудің стратегиясы мен тактикасын; сол пәнге байланысты берілетін жаттығулардың, мысалдар мен есептердің комплексін жасауды; оқушының білім деңгейі жайында (бастауыш, аралықпен қатар тікелей оқу процесі барысындағы) хабарларды қамтитын оқу әдістемесін жасауды; оқушының жіберген қателіктері жайын- дағы мөліметтер базасымен қатар жіберілуі мүмкін деп санала- тын қателіктердің тізімі мен оларды түзету жайындағы хабар- ларды қамтуды; оқудың өдістемелік төсілдері мен ұйымдық формаларының тізімін қамитын мөліметтер базасын және т.б. жасауды көздейді. Өздеріңіз аңғарып отырғандай, білімдердің оқу базасы диалогты өз деңгейінде ұйымдастыруға қолайлы Жағдайлар туғызып отырады.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.